



«Бекітем»

«Бал-бөбек» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Меңгерушісі Р.Қаныбекова

**«Бал-бөбек» бөбекжай балабақшасының  
2020-2021 оқу жылына арналған Өндірістік  
кеңестің хаттамалары.**

Шұбарсу елді мекені

2020-2021 оқу жылы

2020-2021 оқу жылы

Ордабасы ауданы «Бал-бөбек бөбекжай балабақшасы» ЖШС

Өндірістік кеңес ХАТТАМАСЫ №1

18.09.2020 жыл

Қатысқаны-10

### Күн тәртібі

1. Жазғы сауықтыру кезіндегі өткізілген іс- шаралардың қорытындысы
2. 2020-2021 оқу жылының жоспарын таныстырып бекіту туралы.
3. Еңбек тәртібі, шаруашылықтың барлық түрі бойынша жаңа оқу жылына дайындығы туралы.
4. Балабақша қызметкерлерін қауіпсіздік шараларының нұсқаулығымен таныстыру туралы
5. Өрт қауіпсіздігі мен адам өмірін қорғау жөніндегі нұсқаулықтарымен таныстыру.
6. Бала өмірімен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықпен таныстыру.

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Жазғы сауықтыру кезіндегі өткізілген іс-шаралардың қорытындысы» бойынша балабақша әдіскері Б.Сейіткеримова сөз алып жазғы сауықтыру кезіндегі іс-шаралар туралы толығымен есеп берді және тәрбиешілерге балабақша әкімшілігі тарапынан алғысын білдірді.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе 2020-2021 оқу жылының жоспарын таныстырып бекіту бойынша балабақша меңгерушісі Р.Ш.Қаныбекова сөз алды. Осы оқу жылында қойылған өтетін тақырыптық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің тақырыптарына толығырақ тоқталып бекітілген жоспарды талаптарға сәйкес жүргізілетінін және егер қажеттіліктер болған жағдайда толықтыруларда болатынын ескертіп, таныстырды.

3. Күн тәртібіндегі қалған барлық мәселелер бойынша балабақша меңгерушісі Р.Ш.Қаныбекова еңбек тәртібі, шаруашылықтың барлық түрі бойынша жаңа оқу жылына дайындығы туралы былай деді, әрбір қызметкер еңбек тәртібі ережесін бұзбауын, балабақшаның сыртқы, ішкі ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілгендігін, топтардағы кейбір салалар бойынша жаңарту толықтыру жұмыстарының жүргізілгендігін, жалпы жаңа оқу жылына дайын екендігін айта келе жасалған жұмыстарға жақсы деген баға бергетіндігін айтты. Сонымен бірге балабақша қызметкерлерін қауіпсіздік шараларының нұсқаулығымен, өрт қауіпсіздігі мен адам өмірін қорғау жөніндегі нұсқаулықтарымен, бала өмірімен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықтармен таныстырды.

Қаулы

1. Бүгінгі жиналыста қаралған мәселелердің барлығыда қанағаттанарлық деп табылып, жоспар бекітілсін.

ББ меңгерушісі Р.Ш.Қаныбекова

Хатшы М.Сейткеримова



**Ордабасы ауданы «Бал-бөбек бөбекжай балабақшасы» ЖШС**

**Өндірістік кеңес ХАТТАМАСЫ №2**

**14.12.2020 жыл**

**Қатысқаны-10**

**Күн тәртібі**

1. Балабақша ішілік еңбек тәртібі ережесімен танысу
2. Балалардың өмірімен денсаулығы бойынша нұсқаулықты орындау
3. Бірінші жарты жылдықтағы тамақтану және науқастық анализі.
4. Күн тәртібінің орындау туралы.
5. Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасының жылдық есебін тыңдау.

Сөз сөйлегендер:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Р.Ш.Қаныбекова балабақшаның ішілік еңбек тәртібі ережесімен таныс болыңыздар

Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлері міндетті:

1. Адал және сапалы жұмыс істеуге, жұмыс тәртібін, мектепке дейінгі білім беру мекемесі Жарғысының және Ішкі еңбек тәртібі Ережелерінің талаптарын орындауға, жұмыс тәртібін сақтауға: жұмысқа уақытында келіп, бекітілген жұмыс ұзақтығын сақтап, әкімшіліктің нұсқауларын уақытында және нақты орындауға;
2. Жүйелі түрде, кемінде 3 жылда бір рет, өзінің кәсіби біліктілігін көтеруге;
3. Білім беру мекемесінде де, одан тыс жерде де тәртіптілік үлгісі болып, тәртіп нормаларын орындауға;
4. Тиісті ережелер мен нұсқаулықтарда қарастырылған еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға; жаракаттанудың әр дерегі туралы шұғыл түрде әкімшілікке хабарлауға;

5. Мемлекет меншігін сақтауға, электр қуатын, жылуды және суды үнемді пайдалануға, мекеменің ақша қаражаттарын үнемдеу мақсатында телефон байланысын тиімді пайдалануға, тәрбиеленушілерді мемлекет мүлкіне ұқыпты қарауға бағыттауға;

5. Жыл сайын, белгіленген мерзімде, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған медициналық қараудан өтуге, флюорографияға түсіп, анализдер тапсыруға;

6. Жұмыс орнын, жиһаздарды, құрал-жабдықтар мен құрылғыларды жұмыс қалпында сақтауға, мектепке дейінгі мекеменің ішінде тазалық сақтауға.

7. Материалдық құндылықтар мен құжаттарды сақтаудың белгіленген шарттарын орындауға.

8. Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарында қарастырылған талаптарға сәйкес белгіленген құжаттаманы уақытында толтырып, ұқыпты жүргізуге.

9. Жұмыс орнына жұмыс уақытынан 15 минут бұрын келуге.

10. Әр қызметкердің өзінің лауазымы, мамандығы және біліктілігі бойынша орындайтын функционалдық міндеттерінің аясы, мектепке дейінгі ұйымның директоры біліктілік сипаттамаларының негізінде бекітетін, лауазымдық нұсқаулықтармен белгіленеді.

10. Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық және басқада қызметкерлеріне тыйым салынады: Өз беттерімен ҰОҚкестелері мен жұмыс тәртібін өзгертуге, ҰОҚ өткізбеуге, ҰОҚ уақытын ұзартуға немесе қысқартуға, мектепке дейінгі мекемеде балағат сөздер айтуға, шылым шегуге, спирттік ішімдіктер ішуге. Бөгде адамдарға ҰОҚ-не тек мектепке дейінгі мекеме әкімшілігінің келісімі бойынша ғана қатысуға болады, ҰОҚ басталғаннан кейін топқа кіруге, тек ерекше жағдайларда ғана, директор мең әдіскерге рұқсат етіледі. ҰОҚ-нің барысында тәрбиеленушілердің көзінше педагогтарға олардың жұмысына қатысты ескертулер айтуға тыйым салынады. Жұмысқа науқастануына байланысты келе алмаған жағдайда қызметкер әкімшілікті жұмыс басталғанға дейін ескертуге, сонымен қатар, жұмысқа шыққан бірінші күні жұмысқа уақытша жарамсыз болғаны туралы парақты тапсыруға міндетті деп міндеттерімен және білім беру қызметкерлерінің негізгі құқықтары төмендегі құжаттармен белгіленген: ҚР Еңбек кодексі, Жалпы білім беру мекемесі туралы типтік қағидалары, ҚР «Білім туралы» Заңы, Мектепке дейінгі мекеменің Жарғысы басшылыққа алып Педагогикалық қызметкерлердің келесі құқықтары бар мекемені басқаруға қатысуға, ұжымдық келісім-шартты және ішкі еңбек тәртібінің Ережесін талқылауға, педагогикалық кеңес отырыстарының жұмысына қатысып, қабылданған шешімдерді тұжырымдауға, мекеменің жалпы жиналысында шешімдер қабылдауға, өзінің кәсіби ар-намысын қорғауға, ерікті негізде аттестациядан өтуге, педагогикалық қызметкердің үздіксіз еңбек өтілінің және лауазымының сақталуымен еңбек демалысына шығуына; жыл сайын 56 күн еңбек демалысын алуға, кемінде 5 жылда бір рет педагогикалық біліктілігін арттыруға құқығы бар деп таныстырып өтті.

2. Күнт тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Р.Ш.Қаныбекова сөз алып балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқау балабақшаның барлық тәрбиешілері орындауы үшін міндетті болып саналады. Тәрбиешілердің балалардың өмірі мен денсаулығы үшін дербес жауапкершілікке ие. Тәрбиешілер барлық күн тәртібі сәттерінде баланың бақылау жасайды. Жарақатты профилактикалауға көңіл бөлу. Балабақша бөлмелерімен қозғалу кезінде, балабақша аумағынан тыс жерде, сондайақ техникалық оқыту құралдарын пайдалану кезінде қауыпсіздікті қамтамасыз ету, балаларды балабақша аумағынан тыс жерге жібермеу, бала өз бетінше кетіп қалған жағдайда, тәрбиеші бұл туралы әкімшілікке хабар беріп, оны жедел іздестіруді ұйымдастыруға тиісті, балаларды үйге жалғыз жіберуге, бөтен адамдармен, мас адамдар қолына беруге тыйым салынады. Ата-анасымен алдын ала баланы жетуге сенім білдірген адамға сенімхат рәсімдеу оған ата-анасы мен сенім білдірген адамның қолы қойылған болуы тиіс және осы нұсқаулықты бұлжытпай орындауды тапсырды.

3. Күнт тәртібіндегі үшінші мәселе «Бірінші жарты жылдықтағы тамақтану және науқастық анализі» бойынша балабақша мейірбикесі Ж.Лесбекова сөз алып біздің балабақшада күніне 4 рет тамақтанады: Таңғы ас – сүт ботқалары: сұлы, күріш, қарақұмық, бидай, макарон өнімдерінен көже. Ботқалар жұмыртқа, ірімшік өнімдерімен ауыстырылып отырады. Сусын ретінде сүт қосылған кофе, какао, маймен, сыр бутерброды. Түскі ас Бірінші ыстық тағам - щи, борщ, көкөніс көжесі, балық сорпасы, жарма немесе макарон өнімдері қосылған көжелер. Екінше тағам – бұқ ет, тартылған ет қосылған тағамдар. Үшінші тағам – кепкен көкөністерден компот Бесін ас - сүт, ішетін шырын, печенье, тоқаштар. Кешкі ас - жеңіл азық-түліктер. Тамақты сақтау және дайындау үдерісіне және ас үйге деген санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң түрде сақтау балалардың тамақтарын дұрыс ұйымдастыру үшін маңызды. Балабақшаға келіп түсетін барлық азық-түліктер санитарлық ережелерге сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылары бар. Тамақтану - баланың физиологиялық және психологиялық өсу үдерісінің қалыпты, дұрыс өтуін қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі, Тамақ сапасының төмендеуі бала ағзасының қорғау-бейімдеу механизмінің деңгейінің төмендеуіне әкеліп соғады және аллергиялық әрекеттің өсуіне мүмкіндік туғызады, сондай-ақ асқорыту ағзасының ауруына себепші болады. Сондықтан біздің балабақшада тамақ сапасына ерекше көңіл бөледі. Тамақты сақтау және дайындау үдерісіне және ас үйге деген санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң түрде сақтау балалардың тамақтарын дұрыс ұйымдастыру үшін маңызды. Балабақшаға келіп түсетін барлық азық-түліктер санитарлық ережелерге сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылары бар, науқастық жағдай орын алған жоқ деп сөзін аяқтады.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Сейіткеримова сөз алып тәрбиешілер ертеңгілік балабақшаға 7.40-та

келіп, ойыншықтарды жуып шаңдарын сүртіп тазалайды. Балабақшаға келген балалардың алдынан шығып ата-аналарымен амандасып, балалардың көңіл – күйіне назар аударып, дене қызуларын өлшеп қабылдайды. Былтырғы жылмен салыстырғанда балалар балабақшаға үйренген көтеріңкі көңіл-күмен келеді. Өздіктерінен киімдерін шешеді. Ал былтырғы жылдары балалардың кейбіреулері жылап, шешіне алмайтын еді. Келген балалар топқа кіріп сөрелерден ойыншықтар алып ойнай бастайды. Күнделікті ертеңгісінен жеке баламен жұмыс жүргізіледі. Тіл дамыту ҰОҚ-де көп сөйлемейтін, өлең жолдарын дұрыс айта алмайтын балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Жекелеген балаларға жапсырудан тапсырмалар береді, себебі саңырауқұлақтарды жапсырған кезде, бұл балалар жұмысты мұқият орындамаған. Ал кейбіреулеріне дене шынықтырудан тапсырмалар допты жерге ұрып, оны қағып алу. Тағы басқа да жұмыстар жүргізіледі. Мысалы сөздік қорларын молайту үшін мақал-мәтелдер жағтатады. Тағы сол сияқты ары қарай бекітілген күн тәртібінің орындалуы жалғасын табады деп сөзін аяқтады.

5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе «Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасының жылдық есебін тыңдау» бойынша бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы Лесбекова Жанар Балғабекқызы сөз алып осы жылы кәсіподақ тарапынан бөлінген қаржының жаратылуына тоқталып өтті жұмсалған қаржының актілерімен таныстырып есебін берді. Жоғарыда айтылған мәселелерді тыңдай келе төмендегіше

## ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Бүгінгі жиналыста қаралған мәселелердің барлығыда қанағаттанарлық деп табылсын.

ББ меңгерушісі:  Р.Ш. Қаныбекова

Хатшы: С.М. Сейткеримова

# Ордабасы ауданы «Бал-бөбек бөбекжай балабақшасы» ЖШС

## Өндірістік кеңес ХАТТАМАСЫ №2

26.05.2021 жыл

Қатысқаны-10

### Күн тәртібі

1. Жазғы маусымдық сауықтыру кезеңі өткізу іс-шараларының жоспарын талдау және бекіту.
2. Жаз мезгіліндегі азық-түліктердің сапалылығы мен алуан түрлілігі және балалардың тамағын дәрумендендіру.
3. Балалардың өмірімен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтың орындалуы туралы есеп беру.

### Сөз сөйлегендер:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Жазғы маусымдық сауықтыру кезеңі өткізу іс-шараларының жоспарын талдау және бекіту» туралы балабақш меңгерушісі С.Сағынбекқызы сөз алып әрине жаз мезгілі – балаларды сауықтырып және физикалық дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйесі қолға алынатын маусымдық уақыт кезеңі. Жазғы кезеңде мектеп жасына дейінгі балалардың таза ауада болуы, уақытын тиімді пайдалануы – олардың денсаулығына оң ықпалын тигізе отырып, тұлғалық қабілетінің дамуына да әсер етеді. Яғни, бала тек қана ойынмен күнді жоспарламай, арнаулы шеберлігін шыңдауға бағытталған апталықтар мен сайыстарға қатыса отырып, өзінің жетістікке қабілеттілігін сезіну арқылы, белгілі деңгейде қалыптаса алатын кезеңі, сондықтан жазғы ссауықтыру кезеіндегі өтетін іс шараларды сапалы өткізуді ұсынды.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Жаз мезгіліндегі азық-түліктердің сапалылығы мен алуан түрлілігі және балалардың тамағын дәрумендендіру» туралы балабақша мейірбикесі Ж.Лесбекова сөз алып, сапалы дәруменсіз біздің кішкентай бүлдіршіндеріміздің физикалық және дене дамуы мен ақыл ойының дамуына кедергісін тигізеді. Жаз маусымында жемістер мен көкіністер көптеп пісетіндіктен балаларға санитарлық талапқа сәйкес жас ерекшеліктерін ескере отырып осындай дәрумендерді күнделікті береміз. Ас мәзірінде дәрумендердің түрлерін көбірек ендіріп балаларға сапалы дәрумендерді беріп отырамыз деп сөзін аяқтады.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Л.Қ.Ағманова Балалардың өмірімен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтың орындалуы туралы айтып өтті. Топтағы сақтық шаралары Тәрбие жұмысына қатысы жоқ топқа және оның жұмыс орнына жатпайтын адамдарға қатыстылығына қатаң тыйым салынады. Тәрбиешінің орны, оның

үстелі әрдайым тәртіппен сақталуы керек. Көрінбеген өткір заттарды инелер, қайшылар, қылшықтарды, шпилькалар, қағазға арналған пышақтар және т. б. Заттарды ұстамауы керек.

Жұмыста қайшыны борсық ұштармен ғана пайдалану керек. Сондай - ақ, киімдеріңізді түйреуіштер мен инелермен байланыстыруға қатаң тыйым салынады.

Балабақшаның сыртына серуендеу барысында немесе экскурсияға бару кезінде тәрбиеші көшелерден автокөліктердің жанданған қозғалысына жол бермеуі керек. Қазіргі уақытта тәрбиеші және тәрбиеші көмекшісі мен немесе балабақшаның басқадада бір қызметкерімен бірге болуы керектігін түсіндірді. Балабақшадағы медициналық көмек баланың қауіпсіздігін сақтау үшін балабақшада білікті медицина қызметкері жұмыс істейді. Оның міндетіне суықтың алдын - алу және әртүрлі генезис инфекцияларының алдын алу жөніндегі іс - шаралар кіреді. Медбике 8 сағаттық жұмыс кестесімен балабақшада болады. Суықтың алдын алу үшін кейбір желдету режимдерін бақылау өте маңызды, бөлменің ауасы балалар үйірмеде болған кезде ауысады. Ойын мен жатын бөлмелері жеткілікті жеңіл болуы керек, ауа температурасы және ылғалдылық рұқсат етілген стандарттардан аспауы керек.

Медбике мен балабақша басшысы асудің және балабақшаның санитарлық жағдайын бақылауда ұстайды. Сатып алынған өнімдерді жарамдылық мерзіміне тексеру керек, яғни ең алдымен балабақшадағы балалар қауіпсіздігіне қызығушылық таныту керек.

Медбике өнімдердің калориялы мазмұнын есептеп, түрлі жастағығни 1-3 және 3-6 жас аралығындағы балалар үшін әрбір күн үшін мәзір жасай алады. Кейде балаға шұғыл медициналық көмек қажет болған жағдайлар болуы мүмкін, бұндай жағдайда жедел жәрдемге келгенге дейінгі алғашқы медициналық көмек медициналық қызметкер тарапынан беріледі деп сөзін аяқтады. Біздің балабақшаның қызметкерлері барынша осы қағидамен нық жұмыс істеп келе жатыр деп айта аламын деп сөзін аяқтады. Жоғарыда айтылған мәселелерді тыңдай келе төмендегіше

## ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Бүгінгі жиналыста қаралған мәселелердің барлығыда қанағаттанарлық деп табылсын.

ББ меңгерушісі

Р. Д. Қаныбекова

Хатшы:

М. Сейткеримова

